ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

# Ақтөбе

1924-2024 ЖЫЛ

1924 жылдың 7 маусымынан бастап шығып келеді
www.aqtobeqazeti.kz, aktobegazeti@mail.ru

ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫЛНАМАСЫ

№51 (21.499)
25 маусым 2024 жыл, сейсенбі

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы

*Үзінді*

## КӨПБАЛАЛЫ АНАЛАРДЫ «АЛТЫН АЛҚА» ЖӘНЕ «КҮМІС АЛҚА» АЛҚАЛАРЫМЕН НАГРАДТАУ ТУРАЛЫ

**ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Жеті және одан да көп бала туып, тәрбиелегені үшін мына аналар «Алтын алқа» алқасымен наградталсын:

**Ақтөбе облысы бойынша**

Альжанова Айша Бекрасиловна — үй шаруасында, Темір ауданы.

Ахметова Гаухар Бирликовна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Баймишева Ермек Умирзаковна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Биманбаева Гульмира Конуспаевна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Есболганова Жаксыгул Турагалдиевна — орта мектептің еден жуушысы, Ойыл ауданы.

Есқарина Айнұр Жайлаубайқызы — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Жалгасбаева Гулайым Дуйсенбаевна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Жанбылова Гулдерай Кекилбаевна — үй шаруасында, Мұғалжар ауданы.

Исаева Айсана Досымовна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Коныратбаева Акгул Амангалиевна — үй шаруасында, Шалқар ауданы.

Кулиева Асель Сагынгазиевна — үй шаруасында, Темір ауданы.

Кунаева Алия Есенжоловна — үй шаруасында, Хромтау ауданы.

Лукбанова Дана Бакыткалиевна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Мединаева Айгүл Мақсотқызы — үй шаруасында, Ойыл ауданы.

Мускалиева Жадыра Кубентаевна — үй шаруасында, Мұғалжар ауданы.

Наурызбаева Гульмира Шынгисовна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Нургалиева Жанна Саматовна — үй шаруасында, Мұғалжар ауданы.

Нуржанова Камшат Каниевна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Орынбаева Маржангуль Шынбергеновна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Танирбергенова Индира Едиловна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Токсанова Бйбиасима Кошкинбаевна — үй шаруасында, Алға ауданы.

Толеуова Асылай Рыскалиевна — үй шаруасында, Мәртөк ауданы.

Тулегенова Зульфия Нурбековна — үй шаруасында, Темір ауданы.

Узакбаева Жулдыз Алимбаевна — үй шаруасында, Темір ауданы.

2. Алты бала туып, тәрбиелегені үшін мына аналар «Күміс алқа» алқасымен наградталсын:

**Ақтөбе облысы бойынша**

Абдрашева Мира Нагашбаевна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Абдуллаева Феруза Эгамбергеновна — үй шаруасында, Мәртөк ауданы.

Абдуллина Гаухар Матайбаевна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Абилова Нургуль Азербаевна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Абуова Алмагуль Хамитовна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Абуова Ботагоз Аватуллакызы — үй шаруасында, Алға ауданы.

Аймағанбетова Ырысжан Мұқанбеталықызы — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Айтбембетова Самал Сайлаубековна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Алдамжарова Алия Бахытжановна — үй шаруасында, Мұғалжар ауданы.

Алмагамбетова Айдана Мухамбетовна — үй шаруасында, Темір ауданы.

Амантаева Акзер Нуркиновна — үй шаруасында, Шалқар ауданы.

Артыгалиева Акгул Бакытжановна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Арықбаева Жанна Асылбекқызы — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Асанова Жамила Аскаровна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Ауезова Айнур Суттеевна — үй шаруасында, Мәртөк ауданы.

Ахметова Гүлнәра Махсұтқызы — үй шаруасында, Шалқар ауданы.

Ахметова Жадыра Өміржанқызы — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Ахметова Жансая Бақтубайқызы — үй шаруасында, Мұғалжар ауданы.

Әбдірахман Ақмарал Рахымжанқызы — үй шаруасында, Ырғыз ауданы.

Баедилова Гулжан Жиенбайкызы — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Байғабылқызы Ұлболсын — үй шаруасында, Алға ауданы.

Баймурзина Гүлбану Өтегенқызы — орта мектептің мұғалімі, Ырғыз ауданы.

Бисенгалиева Анаргуль Ахетовна — бөбекжай тәрбиешісі, Қобда ауданы.

Бисенгалиева Гулшат Кушкинбаевна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Бисенғалиева Айдана Беккалиқызы — үй шаруасында, Алға ауданы.

Буркитова Гулназ Мустахимовна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Дарханова Жадыра Сарсенбаевна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Дербисбаева Алмагуль Кенесовна — үй шаруасында, Хромтау ауданы.

Дрейц Анжелика Михайловна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Ерманова Гулдара Мырзабековна — орта мектептің еден жуушысы, Хромтау ауданы.

Есжанова Сангуль Алибековна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Есмурзиева Шырын Едигеевна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Жанелова Нуртолган Кулбаевна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Жанпейісова Райхан Мұратқызы — бөбекжай тәрбиешісі, Ырғыз ауданы.

Жарменова Гулнара Кенжегалиевна — үй шаруасында, Мұғалжар ауданы.

Жумагазиева Оралсын Рамазановна — үй шаруасында, Ырғыз ауданы.

Жусипова Айнур Умиргалиевна — үй шаруасында, Әйтеке би ауданы.

Жұмабаева Қызғалдақ Нұртуғанқызы — үй шаруасында, Алға ауданы.

Збаганова Айнур Сагидуллаевна — үй шаруасында, Темір ауданы.

Ибрашева Айгуль Рыскалиевна — үй шаруасында, Шалқар ауданы.

Иманқұл Айгүл Жұмабекқызы — үй шаруасында, Қарғалы ауданы.

Казбекова Алима Ахметовна — үй шаруасында, Алға ауданы.

Калдыбекова Асем Ерлановна — үй шаруасында, Хромтау ауданы.

Калиева Гульмира Асановна — үй шаруасында, Темір ауданы.

Канафиева Агила Сердалиевна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Карасаева Жанна Адиловна — орта мектептің педагог-психологі, Мәртөк ауданы.

Кемешова Элеонора Майлыбаевна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Кеңес Ардақ Жәрдемғалиқызы — үй шаруасында, Темір ауданы.

Колдербаева Гулбахыт Сагинаевна — үй шаруасында, Әйтеке би ауданы.

Косбармакова Айнур Акимжановна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Куанова Алтынай Муратовна — үй шаруасында, Қобда ауданы.

Куанова Алтынгуль Советовна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Куанышева Гульдана Саламатовна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Кубаева Гульжан Алибековна — үй шаруасында, Алға ауданы.

Кударова Орынгуль Сабировна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Кулмамбетова Жанар Кожабергеновна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Қалағанова Мөлдір — үй шаруасында, Шалқар ауданы.

Құлмұрзина Гүлімжан Нұртайқызы — үй шаруасында, Әйтеке би ауданы.

Мамасариева Айғаным Полатбекқызы — үй шаруасында, Шалқар ауданы.

Мамирова Манар Тимурқызы — үй шаруасында, Мұғалжар ауданы.

Мендибаева Мейрамгуль Куанышкалиевна — үй шаруасында, Ойыл ауданы.

Мукашева Нурзия Серкожаевна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Мыкынбаева Зинегуль Сериковна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Мынгбаева Нагима Убижановна — үй шаруасында, Темір ауданы.

Наурзалина Айнагуль Габитовна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Несипбаева Гулбану Шарыкбаевна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Ниязова Багдагуль Есенбаевна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Нурмаганбетова Гульмира Кайырзамановна — үй шаруасында, Алға ауданы.

Нұрбатрова Айгүлім Жұмакелдіқызы — үй шаруасында, Алға ауданы.

Нұрмағанбетова Эльвира Жалғасқызы — үй шаруасында, Ойыл ауданы.

Нысанбаева Бакытгул Жайлаубаевна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Орынбаева Гулзира Оразбаевна — үй шаруасында, Алға ауданы.

Отеубаева Нагима Жолдасбаевна — үй шаруасында, Алға ауданы.

Раимбекова Багыйла Жанабаевна — үй шаруасында, Шалқар ауданы.

Сагиева Акмарал Нургазиевна — үй шаруасында, Алға ауданы.

Садакбаева Гулмира Танжарбаевна — «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» ММ бас маманы, Ойыл ауданы.

Сакипкалиева Камила Женисовна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Сатиева Рахат Жетегеновна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Серік Данагүл Серікқызы — үй шаруасында, Ырғыз ауданы.

Сүйесінова Динара — үй шаруасында, Мұғалжар ауданы.

Сырымова Тынышгул Аскаровна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Тапишева Шолпан Мырзабаевна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Таскынбаева Саиера Махсетовна — үй шаруасында, Алға ауданы.

Тлегенова Акмарал Мантайовна — үй шаруасында, Алға ауданы.

Тлесова Асел Алмасбековна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Төлесінова Гүлшара Нұртазақызы — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Тулебаева Таншолпан Сабитовна — үй шаруасында, Ойыл ауданы.

Туребекова Акнур Ербулатовна — үй шаруасында, Мұғалжар ауданы.

Убайдуллина Ария Жумабековна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Уралова Айсулу Игликовна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Утебасова Гулнур Талдыбаевна — үй шаруасында, Темір ауданы.

Утянова Акмарал Байдавлетовна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Шаққозова Алмагул Ықыласқызы — үй шаруасында, Шалқар ауданы.

Шинкарева Екатерина Михайловна — үй шаруасында, Мәртөк ауданы.

Шопанова Динара Булатовна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Шынжанова Алия Бердинкуловна — үй шаруасында, Ақтөбе қаласы.

Шыныбекова Гульбану Сериковна — үй шаруасында, Мұғалжар ауданы.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ.**

*Астана, Ақорда,*
*2024 жылғы 20 маусым*
*№582*

Мемлекеттік кеңесші



## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КОМИССИЯНЫҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қариннің төрағалығымен Мемлекеттік рәміздер мен ведомстволық және оларға теңестірілген өзге де наградалар геральдикасы мәселелері жөніндегі республикалық комиссияның отырысы өтті. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.**

Комиссия отырысында Мәдениет және ақпарат министрлігінің, сондай-ақ Ақтөбе облысы әкімінің есептері тыңдалды. Ерлан Қарин Мемлекеттік рәміздерді қолдануға және пайдалануға қатысты бірқатар өзекті мәселелерді атап өтті. Сондай-ақ осы бағыттағы жұмысты жетілдіру бойынша нақты тапсырмалар берді.

Жиын барысында өңірлерде Мемлекеттік рәміздерді пайдалану бағытындағы бақылауды күшейту және жұмыстың тиімділігін арттыру ұсынылды. Сонымен қатар бекітілген стандарттардың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында уәкілетті органдарға Мемлекеттік рәміздерді дайындайтын мекемелермен жұмыс атқару ұсынылды.

Отырыстың қорытындысы бойынша Ерлан Қарин мемлекеттік органдарға заңнамалық базаны жетілдіру, мемлекеттік және ведомстволық наградалардың бірыңғай жүйесін ретке келтіру үшін бірлескен жұмыстарды өзара үйлестіруді тапсырды.

**«Ақтөбе-ақпарат».**

Полиция күні



## МЕРЕКЕ КҮНГІ МАРАПАТ

**23 маусым — Полиция күні мерекесі қарсаңында Ақтөбе қаласындағы полиция департаментінің алдындағы алаңда салтанатты іс-шара ұйымдастырылды.**

Облыс әкімі Асхат Шахаров полицейлерді төл мерекесімен құттықтап, оларға халық алдындағы абыройлы қызметі үшін алғыс білдірді.

— *Полиция саласында қызмет ету — әрбір азамат үшін үлкен мәртебе. Сіздер қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ете отырып, өз міндеттеріңізді орындап келесіздер. Жұмыс оңай емес, сіздерге жүктелген жауапкершілік жүгі ауыр. Қоғамдағы қандай жағдай, қандай науқан, іс-шара болсын, полицейлердің қатысуынсыз, полицейлердің атсалысуынсыз өтпейді. Су тасқыны кезінде полицейлер халықты эвакуациялауға көмектесіп, тұрғындардың көшуі кезінде тәртіпті қамтамасыз етті, азаматтардың мүлкін қорғады.*

*Полицейлердің нәтижелі жұмысының арқасында өңірде қылмыстың жалпы өсімі 6,3 пайызға төмендеді. Өңір полициясының материалдық-техникалық жарақтандырылуын жақсарту үшін бюджеттен 24 миллиард теңге бөлінді. Бұл қаражатқа қызметтік автокөліктер сатып алынады, Ақтөбеде жедел басқару орталығы салынады, қосымша бейнебақылау камералары, жол қозғалысы ережелерін бұзу фактілерін тіркейтін стационарлық кешендер орнатылады және басқа да жұмыстарды жасау жоспарланып отыр.*

*Жас кадрларға қолдау білдіріп, үлгі-өнеге көрсетіп жүрген Ішкі істер органдарының ардагерлеріне алғыс айтамын. Сондай-ақ азаматтардың қауіпсіз болашағы үшін өз өмірін қиған батыр-полицейлердің жақындарына ризашылығымды білдіремін,* — деді облыс әкімі.

Өңір басшысы Асхат Шахаров облыстық полиция департаменті бастығы Абай Жүсіповпен бірге қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан ішкі істер органдарының қызметкерлеріне арнап монументке гүл шоқтарын қойды. Шеруге жиналған полиция департаментінің жеке құрамы әріптес батырларды бір минут үнсіздікпен еске алды.



Жиын барысында қызметте ерекше көзге түскен тәртіп сақшылары облыс әкімінің Алғыс хаттарын және Ішкі істер министрлігі мен полиция департаменті наградаларын иеленді. Ішкі істер министрлігі бұйрығымен мерзімінен бұрын полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары Ардана Саймағамбетовке, тергеу басқармасының бастығы Бауыржан Асау мен әкімшілік полиция басқармасының бастығы Мақсат Шляшевке — полиция полковнигі, криминалдық полиция басқармасының бөлім бастығы Әділет Имамадиновке полиция подполковнигі арнайы атақтары берілді. «Құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін» медалімен және 1-дәрежелі «Ішкі істер органдарының үздігі» төсбелгісімен жалпы 6 қызметкер марапатталды.

Полиция департаменті бұйрығымен 5 қызметкерге грамота, 4 қызметкерге Алғыс хат табысталды.

Іс-шара барысында полиция департаменті бастығы Абай Жүсіпов жас қызметкерлерді тәрбиелеуге ерекше үлес қосқан ардагерлерді және жас қызметкерлердің ата-аналарын да марапаттады.

Мерекелік жиында жаңадан жұмысқа қосылған полиция қызметкерлері ант қабылдады.

**Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ.**